



№53 (9836)

5 шілде, сейсенбі 2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Жаңалағаш Жаршысы

Сайлау-2022



Сайлаушылар өз таңдауын жасады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды енгізу жәһеттілігі жөнінде бастамасына сәйкес, жексенбіде Жалағаш ауданына қарасты Ақсу мен Жаңаталап ауылдық округтерінде әкім сайлауы өтті.

Таң атысымен шығармашылық ұжыммен сайлау учаскелерінің ашылуына қатысу және саяси науқанның өту барысын ақпараттандыру мақсатымен бірінші болып Жаңаталап елді мекеніне келді. Ауылдық клуб алдында жиналған жергілікті тұрғындар сайлау учаскесінде саяси науқанның лебі байқалады. Таңғы сағат 7.00-де №141 сайлау учаскесінде учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің, БАҚ өкілдерінің, байқаушылардың және сенім білдірген адамдардың қатысуымен Сайлау туралы заңның талаптарына сай сайлау учаскесі ресми түрде ашылды.

Таң атысымен өз таңдауымды жасаймын деген сайлаушылардың белсенділігін байқаған біз жаңаталаптықтардың ауыл болашағына бейжай қарамайтынына көз жеткіздік.

Жалпы Жаңаталап ауылдық округі өкімінің сайлауына үш үміткер бар. Олардың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасымен ауыл тұрғындары бұқаралық ақпарат құралдары арқылы толықтай танысқан.

Сайлау учаскесі ашыла салысымен барлық шаруаларын кейіне ысырып, саяси науқанға қатысуға алғашқы болып келген Жаңаталап ауылдың тұрғыны Қанат Қиынбаев та өз таңдауын жасады. Бүгін ауылмыз үшін маңызды күн десем болады. Ауылмыздың тыныс-тіршілігі Алпаға шыр, жақсы, ауыл азаматтарының жасап жатқан шаруаларының жайы көңіл көншітеді. Жалпы ауылмыздың бүгінге дейінгі өкімі болған Қуаныш Әбдіқалықовтың тұсында бір-

шама істер атқарылды. Көшелер жөнделіп, жарықтандырылды, шағын кәсіпке бет бұрғандар саны көбейді, шүкір дейміз. Халқымызға бірлік, елімізге бейбітшілік тілеймін, – деген ағамыз да өтіп жатқан саяси науқанға сәттілік тіледі.

Жаңаталап ауылдық округіндегі саяси науқанда әрбір 3 сағат сайын сайлау учаскесінің төрағасынан мәлімет алдық. Құрманғазы Жағыпарұлының ұсынған мәліметіне сүйенсек, №141 сайлау учаскесінде 10.00-ге дейін 136 сайлаушы дауыс берген. Жалпы саяси науқанға қатысушылар саны – 439. Қуантарлығы, ауыл тұрғындары үшін әрбір азаматтың дауысы маңызды екені және елді мекеннің болашағы әр тұрғынды алаңдататыны анық байқалды. Бірлігі жарасқан ауылда қандаша береке болатынына біз де үлкен сеніммен қарадық.

Таң атысымен малын жайғап, тұрмыс-тіршілігін оңдаған ауыл ағасы Мейрамбек Омаров та науқанда өз таңдауын жасау үшін сайлау учаскесіне асыға келіпті. Жәшікке бюллетенін тастай саласымен біз сайлаушыдан сұхбат алуды жөн көрдік.

– Ауылда болып жатқан әрбір істің берекелі болатынына сенемін. Біз үшін бүгінгі күн өте маңызды, сондықтан ауыл халқын саяси науқанда белсенділік танытуға шақырамын. Жалпы үміткерлер, олардың сайлауалды бағдарламаларымен ақпараттық құралдар арқылы етене танысып. Науқан нәтижелі, абыроймен өтуіне тілектеспін, – деді ауыл тұрғыны.

Айта кетейік, дәл осы күні ауданға қарасты екі елді мекенде өкім сайлауы

өткен болатын. Оның бірі таң атысымен біз басы-қасында жүрген Жаңаталап ауылдық округі өкімін сайлау болса, дәл осындай саяси науқан Ақсу ауылында да қатар жүрді. Жаңаталап ауылында өтіп жатқан саяси науқанның өту барысын ақпараттандыраған шығармашылық топтың келесі сапары Ақсу елді мекенінде жалғасын тапты.

Ақсу ауылына кірісімен тікелей ауылдағы білім ошағына ат басын бұрдық. Білім ошағында орналасқан №139 сайлау учаскесіне өз таңдауын жасауға келген халық көп болды. Ауыл атмосферасы тіпті бір үлкен той өтіп жатқан іспетті. Ақсудағы бұл саяси белсенділік елді мекен тұрғындарының ауылдық округ болашағына бейжай қарамайтынын аңғарта керек.

Үйдегі тіршілігін бір ретке келтіріп, саяси науқанда өз таңдауын жасауға ауыл тұрғыны Фарида Сегізбаева да келіпті. Ол бүгінгі сайлауда кімнің бағы жасаса да алдағы уақытта елді мекеннің екінші тынысын ашуға жұмыс жасаса деді.

– Біздің ауыл аудан орталығына жақын орналасқан. Сондықтан елді мекеннің еңсерісін тіктеуге мүмкіндік мол деп ойлаймын. Ал ауыл өкімі ретінде кімді көргім келеді, ол жағы құпия болып қала берсін. Бастысы Ақсуды көркейтеді, әлеуметтің әлеуетін арттырады деген азаматтық дауысымыз бердім. Кеше аудандық газеттен барлық үміткердің сайлауалды бағдарламасын оқып шықтық. Онда үміткерлер сайлауалды бағдарламасына ауылдағы өзекті мәселелерді шешуді арқау еткен екен. Енді соның

барлығы алдағы 4 жылда шешімін табуына жұмыс жасаса болғаны, – дейді сайлаушы Фарида Сегізбаева.

Айта кетейік, сайлау учаскесінің ұсынған мәліметі бойынша сағат 12.00-ге дейін сайлаушылардың 50 пайыздан астамы өз таңдауын жасаған. Жалпы ауыл тұрғындарының бірлігі, саяси сауаттылығы арқасы дейміз бе, дауыс беру №139 учаскесінде Сайлау туралы заңнама талаптарына сәйкес өтті, құқық бұзушылықтар анықталған жоқ, арызшағым да түспеген.

Сайлау қорытындысына келетін болсақ, аудандық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша Ақсу ауылдық округі өкіміне үміткерлер қатарындағы Әбсәттаров Жомарт 5, Сүлейменов Фани 242, Шілдебаев Марат 403, Ідірісов Рустам 2 дауыс жинады. Сайлаушылардың ең көп дауысын жинаған Марат Тыныштықбайұлы Ақсу ауылдық округінің жаңа өкімі болып халық таңдауымен сайланды. Ал Жаңаталап ауылдық округі бойынша әр үміткерге берілген дауыстар санына келсек, Абдықалықов Қуанышқа 297, Көшеров Абайға 38, Шыңжыров Бауыржанға 41 сайлаушы сенім білдірген. Жаңаталап ауылдық округі бойынша ең көп дауыс жинаған «Аманат» партиясының мүшесі Қуаныш Боранбекұлы ауылдық округке өкім болды. Ол бұған дейін де осы ауылға басшылық еткен болатын. Жаңадан сайланған қос өкімге алдағы жұмыстарына табыс, абырой тілей отырып, халық сенімінен шығады деген ойдамыз.

Жалпы сайлаушылардың саяси науқандағы жоғары белсенділігін ерекше айтуға болады. Ерте тұрып, елдің қамын күйттеген көптің қорғау тілегі бір, ол – ауылдың, жалпы еліміздің одан әрі гүлдене түсуі.

Жандос ЖАЗКЕН

Бөрекелді

Мақсат Исағабайұлы — Қазақстан барысы

Жексенбіде елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының "Барыс-Арена" мұз сарайында Астана күніне орайластырылған қазақ күресінен XI «Қазақстан Барысы» республикалық турнирі өтті. Дәстүрлі турнир елімізде ұлттық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығын атап өту, қала күнін мерекелеу және Балалар жылы аясында жастарды ұлттық спортпен шұғылдануға тарту, олардың бойында отансүйгіштікті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.



Турнирдің құрметті қонақтары ретінде Нұр-Сұлтан қаласының өкімі А.Келімов, ҚР МСМ дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы Самат Ергалиев, «Қазақтелеком» АҚ басқарма директоры Қуанышбек Есекеевтер қатысып, еліміздің әр тұсынан бағы мен бабын сынауға келген балуандарға сәттілік тіледі. Олар аясында спорттық сайыстармен қатар өнер жұлдыздары Қуандық Рахым, «Туран» этно-тобы ән шырқап, ұлттық күрес жанкүйерлерінің көңілін көтерді.

Айта кетейік, жарыс ережесіне сәйкес, сәуір-мамыр айларында ауыл аудан, облыстық деңгейдегі іріктеу жарыстары толығымен өтіп, оған еліміз бойынша бес мыңға жуық спортшы қатысты. Соның ішінен ақтық сығым жолдама алған 36 палуан өзара күш сынасты. Олардың ішінде осыған дейін жеңіс тұғырынан көрінген Мұхит Тұрсынов, Еламан Ергалиев, Ерасыл Қажыбаев, Ғалымжан Қырықбаев сияқты тәжірибелі палуандар да бар. Өкінішке орай 2021 жылдың жеңімпазы Дәурен Нұралинов жарақатына байланысты турнирге қатысқан жоқ. Сондай-ақ қазақ күресі ережесіне енгізілген өзгертулерге байланысты былғы турнир "бүк" ұпайсыз өтті.

Ұлттық спортқа елтіңің білетің қазақ палуандары арасындағы сайыс өте тартысты өтті. Еліміздің әр тұсынан жиналған палуандарымыздың жеңіске деген құлшынысы көрініп-ақ тұрды.

Маңғыстаулық Нұрдаулет Жарылғапов алдымен Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғауға келген Алтынбек Аусағитовты жеңсе, одан кейін Сұңғат Зақаряновтан қоян-қолтық белдесуде тағы да басым түсті. Мұнан кейін Түркістан облысының палуаны Бейбарыс Әбдіғанидан айласын асырып, жартылай финалда Шымкенттің жас палуаны Нұршат Темірханмен белдесу нәтижесімен ақтық мәреге алғашқы болып жолдама алды.

«Үздіктердің үздігі» турнирінің аса ауыр салмақта жеңімпазы, «Әлем барысы» сайысының күміс жүлдегері қызылордалық Мақсат Исағабайұлы ақтық мәреге дейін қарсыластарының жауырынын жерге тігізіп, айласын мен күші сай білекті палуан екенін көрсетті. Ақтық мәреде боз кілемге шыққан қос палуан бір-біріне шықпаласы мен құрметін көрсеткеннен кейін, белдесуді бастап кетті. Алғашқы секундтан бастап бір-бірлерінің осал тұсын іздеумен болды, өйткені екеуі де салқынқанды, бір-бірлерін өте жақсы біледі. Бұған дейін қос палуан алғаш рет 2017 жылы күресіп, ол кезде Нұрдаулет қарсыласын таза жеңген болатын. Одан бері арада 5 жыл өтсе, екі палуанның жолы жеребе бойынша түйіспеген екен. Тартысты белдесуде 1 минут 51 секундта Мақсат қарсыласын өзінен асыра лақтырып, таза жеңіске қол жеткізді. Мақсат жеңіп-жектен кейінгі тележүргізушілерге берген сұхбатында:

– «Бап жана ма, бақ жана ма?» дейді ғой, бұл жеңісімді тынбай жасаған дайындықтың, маңдай тердің жемісі деп айта аламын. Маған сенім білдіріп, жанкүйер болған спортсүйер қауымға рахмет айтамын, – деді.

2022 жылдың «Қазақстан Барысы» атанған жерлесіміз Мақсат Исағабайұлы 25 000 000 теңге және алтын белбеу мен ауыспалы алтын «тайтұяқпен» марапатталды. Ал күміс жүлдегер Нұрдаулет Жарылғапов 5 500 000 теңге және қола жүлдегер Ғалымжан Қырықбай 1 800 000 теңгемен марапатталды.

Жандос ЖАЗКЕН

Құрмет

Ел игілігі жолындағы елеулі іс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өткен болатын. Конституциялық реформа 5 бағыттан тұрды. Референдумға дайындық жұмыстары барысында Жалағаш ауданында да референдумның маңыздылығын насихаттауға бағытталған қоғамдық штаб құрылып, елді мекендерде әр сала қызметкерлері, халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме жұмыстарында саяси науқанның маңыздылығы кеңінен тарқатылып, 5 бағыт бойынша өзекті мәселелер талқыланды.

Президенттің «Жаңа Қазақстанды» құру жөніндегі қуатты ұсынысынан соң ел ішінде ауқымды жұмыстар басталды. Ең алғашқы ел игілігі үшін қолға алынған жұмыс – Конституциялық реформа. Жер-жерде өткен түсіндірме жұмыстарының, құрылған жұмысшы топтың насихатының нәтижесімен референдумды оң көзқараспен қабылдадық. Қазақстанды үшін не беретінің қандай жетістіктердің бастауы болатынын және үлкен өзгерістердің алғашқы баспалдағы екенін аяу бастан-ақ түсінді. Жалпы осындай ауқымды әрі ел болашағы үшін жасалған маңызды қадамда белсенділік танытқан штаб мүшелерінің, қоғам белсенділерінің жұмысын ерекше атап өтуге болады. Олар референдум барысында аса жауапкершілікпен азаматтық белсенділіктерімен және ел болашағына бағытталған маңызды өзгеріске деген біліктілігімен қазақстандықтардың сенімін молайта түсті. Жер-жерде өткен түсіндірме жұмысы барысында реформаның негізгі мақсатын, маңызын және келешектегі берер нәтижесіне дейін кеңінен түсіндіре білген бұл топтағы азаматтар егемен елдің мүддесі үшін жұмыс істеген еді. Енді міне, сондай белсенділік пен табандылықтың нәтижесінде еңбектері өлеңді, құрметке бөленді. Кеше ғана аудан өкімдігінде ел игілігі жолындағы ауқымды істе белсенділік

танытқан бірқатар азаматтар марапат төрінен көрініп, оларға облыс өкімінің алғыс хаты табысталды.

Аудан өкімдігіндегі жиында «Халықтың басым бөлігі жаңашылдықты қолдайтынын білдірді» деген аудан өкімінің орынбасары Жасулан Еспенбет Конституциялық реформа аясында не өзгеретінін қазақстандықтар жіті түсінді деген ойын ортаға салды.

– Өздеріңізге белгілі ел жаңғыруының бастамасы ретінде 5 маусым күні елімізде Ата Заңымыз Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша республикалық референдум өткізілді. Мұның маңызы зор екенін түсінгендіктен отандастарымыз қолдау білдірді. Сондықтан барлығымыз үшін жасалған әрбір оң қадамға қолдау білдіру, бірліктің үлгісін көрсету ел болашағын жарқын ететін келелі істерге бастайтыны анық, – деді Ж.Еспенбет.

Жалпы бұл науқан, яғни жалпыхалықтық референдум көптеген заңның кемшін тұстарын түзетіп, жүйені өзгертетін болады. Енді Мемлекет алдын ала сараланып, бағыты айқындалған бұл реформадан соң суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту, биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу, Парламенттің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі, халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту, азаматтардың құқын қорғау тетіктерін күшейту мәселелерін

қолға алатын болады. Сонымен бірге елдегі жаңаша форматпен өткізіліп жатқан сайлау жүйесіндегі жаңашылдықты да өте тиімді деп ойлаймыз. Ал Конституциялық реформа аудандық, қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашары анық.

Реформа бес бағыт бойынша жүзеге аспақ. Тағы да еске салатын болсақ, бірінші бағыт суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту болып табылады. «Бұл қалай жүзеге асады?» дегенге келетін болсақ, біріншіден, Президент өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру кезінде ешқандай саяси партияға мүше бола алмайды. Сондай-ақ Конституциялық соттың, Жоғарғы соттың және өзге де соттың судьялары мен төрағаларына, орталық сайлау жүйесінің және аудиторлық палатаның төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады.

Айта кетейік, бұл түзетудің мақсаты – саяси бәсекелестікті арттыру және барлық саяси партияларды дамытуға бірдей жағдай жасау. Конституциялық реформаның екінші бағытында биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу қарастырылған. Бұл бағыттың аясында жүзеге асатын тағы бір ауқымды жұмыс Конституциялық Соттың құрылуы болмақ.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ



3 КҮЖАТ

Қайраткер келбеті

Жалағашты он жылдан астам басқарған Қонысбек Қазантаевтың жаны да, төні де кіршіксіз таза азамат еді. Өмірінің басты мақсаты шындық пен әділдікті ту ету болатын. Оның бірнеше ауданды басқарғанда әділдіктен ауытқушылығы болды дегенді естіген емеспіз. Біздің ауданды басқарған кезде де солай болды. Ізденімпаздығы соншалық, шаруашылықтың қай саласын алдымыз да сол саланың жоғары оқу орнын бітірген мамандай сөйлесе алатын. Басталған істің жарты жолда қалуына жол бермейтін. Қандай жұмыс болсын, жан тәніммен берге атқаратын. Алға қойылған мақсаттың орындалуы үшін өзін де, өзгені де аямайтын. Шындықты бетке айтатын тұрашыл еді. Жанын күйттеп көрген жан емес, сөзіне берік, үзеге мәрт болатын. Көсіле сөйлегенде қазақи сөздің қадір-қасиетін құрметтей білетін және жеріне жеткізіп айтатын. Орынды қолданған мақал-мәтелдері нысанға деп тпін, ақыл-кеңесін беріле тыңдаудан жалықпаушы да едік. Ағаның осы қасиеттерін оның айналасындағыларға да, қызметкерлерге де, кейінгі інілеріне де үлгі-өнеге боларлықтай ұлағатты ісі деп сезінесің.



Шындық пен әділдікті ту еткен

Мен алғаш рет Қоңекөнен 1972 жылдың жаз айында ол кісі көрші Төрөкев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы кезінде кездестім. Ол уақытта күрші күттімі кезінде көрші аудандарда бір-бірінің шаруашылықтарын аралап, тексеріс ұйымдастыру дәстүрі болатын. Аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аупарткомның бюро мүшесі ретінде сол жылы Төрөкев ауданына баратын топты басқарып бару бюрода маған тапсырылды. Өкілдік құрамында шаруашылық басшылары, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері баратын.

Көнектік дәуірінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының қолына қандай біліктің шығарылғаны белгілі. Бірінші хатшысы аудандық бір де бір мәселе шешілмейтін және ол айналысатын ұйымдастыру жұмыстарының ауқымы қандай кең болса, жауапкершілігі де жеткілікті еді. Сондықтан кейбір бірінші хатшылар көз келген адамды қабылдай бермейтін. Арнайы өкілдіктің жеткізгі аудандың бірінші хатшыларының бір болмағандықтан бірінші хатшы қабылдай қоймас, аупарткомның қатардағы хатшыларының бір немесе атқару комитеті төрағасының бір орынбасары қабылдай деп ойлап барғаным. Өйтсе де бұл топты комсомол комитеті хатшысының басқарып келгеніне қарамастан, оның ауданға келуінде де, тексеріс қорытындысында да, аупарткомның бюро мүшелерін қатыстыра отырып, Қоңекөнені жеке өзі қабылдауға өз жұмысына асқан жауапкершіліктен қарайды деген ойға қалдырды. Өзара тексеріс қорытындысын үлкен жауапкершіліктен дайындап, Қоңекөнені алдында баяндап шығу мен үшін де үлкен сабақ болды. Ол кісінің топ мүшелерінің ой тұжырымдары мен ескертпелерін мұқият тыңдап, мен бергендігі осы күнге дейін есімде.

1975 жылы наурыз айында Қоңекөн Жалағаш ауданына аупарткомның бірінші хатшысы болып сайланды. Мен ол уақытта «Казсельхозтехника» аудандық бірлестігін басқаратын едім. Міне, осы уақыттан бастап ол кісі зейнеткерлік шыққанға дейін он жылдан астам уақыт бойы қарамағында тікелей қызмет істеп тәрбиесін алған азаматтың бірін.

Ол жылдары Жалағаш ауданының облыста өз орны бар, облыс бойынша өндірілетін күршінің төрттен бірін беретін күрші фабрикасы аталған кез еді. Дегенмен аудан экономикасының дамуы біржақты күрші бағынышты болатын. Мал шаруашылығы сол кездегі талап дәрежесінен төмендеу еді. Қоңекөн келген күннен күршінің өнімділігін одан әрі арттырумен қатар мал шаруашылығына деген көзқарасты түбегейлі өзгертуді, оны сол кезеңнің талап дәрежесіне көтеруді мақсат етіп қойды. Ауданның барлық қалдырың басысынан қосшысына дейін осы бағытта жұмыс атқаруын қатаң талап етті. Аудандық партия комитеті кезекті пленумының талқылауына аудандық мал шаруашылығының жағдайы жөнінде аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы О.Ысқақовтың баяндамасын, мал шаруашылығындағы қол еңбегін қажет ететін процестерді механикаландыру жөнінде менің қосымша баяндамаларды қойды. Пленумнан бір күн бұрын баяндамашыларды жеке қабылдап, танысып шықты. Баяндаманың негізгі желісін мақұлдағанынан көптеген ескертпелер жасады. Ой-тұжырымды ғылыми негіздеу, әсіресе мал азығының құрамындағы жетіспеушілік макро, микрорезолменттерді анықтау, соның негізінде мал азығының құрамын байыту, соған қажетті техникалар мен жабдықтар алдырып орнатуға байланысты ескертпелер жасады. Баяндаманы түнімен қарап шығып, қайта дайындауға тура келді. Ертіңнен пленум алдында Қоңекөн тағы өзі көріп шығып, баяндамаларды пленум талқылауына жіберді. Пленумға дайындық барысында ойға түйгенін, ол кісінің баяндамадағы әрбір сөзге мен беретіні, ой-тұжырымы сол саланың мамандарынан артық ой қосатынын, тіпті талқыланған мәселеге байланысты айтаң ескертпелері жоғары білімді мал дәрігерінің, ғалым-зоотехниктің, инженер-механиктің артық болмаса, кем білмейтіні еді.

Қонысбек аға ауданға келіп жұмысқа кіріскеннен кейін 1976 жылы сәуірдің аяғында шақырып алып, ауданның Таң совхозына директорлық қызметке бару жөнінде ұсыныс жасалды. Мен:

— Қоңекө, менің еңбек тәжірибемде тек комсомол партия қызметі ғана бар, тікелей өндіріске араласа бастағаным 1,5 жылдай-ақ болды, өлі де 1-2 жыл тәжірибе жинақтасам қалай болады, — дедім.

— Айналайын, бұл жұмыстың қолыңнан келетініне сеніміміз мол жүрексіңбі кіріс. Алғашқы кезде біздің тараптан қолдау, көмек болады, — деді.

Осындай сөзден кейін басқа уәжді дәлел айтуды ыңғайсыз көріп, келісімді бердім. Бұл кісінің тікелей қарамағында бар болғаны бір-ақ жыл жұмыс істедім. Аз уақыттың ішінде жұмысымды қадағалап, баяндамаларды аупарткомның пленумында қою, бюрократтар есептерімді тыңдау, нақты тапсырмалар беріп, соның ішінде Таң совхозына байланысты жұмыстарды көбірек тапсырып, оның нақты қорытындысын жеке өзінің бақылауы мен шыңдалу мектебінен өткізіп өкінемін кейін түсіндім.

Таң он кезде Сырдарияның сол жақ алабын игеріп жатқан «Главриссовхозстрой» жуыесіне қарайтын совхоздардың қатарында еді. Онда жас басқармасы Алматы қаласында. Қоңекөнені қол қойған ұсынысымен облыстық партия комитетінде болып, келісімін алып, орталық партия комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі сол кездегі хатшысы Ш.Қоспановтың қабылдауында өңімделуден өттім. Сөйтіп «Главриссовхозстрой» бас басқармасының бастығы Г.Х.Гукасовтың бұйрығымен 15 маусымда Таң совхозында директорлық қызметке кірістім.

Таң 1967 жылы көрші «Коммунизм» (қазіргі Шөменов атындағы) совхоздың бөлімшесі негізінде бөлініп шыққан шаруашылық еді. Шаруашылықтың 3 454 га егістік, 4 776 га шөбіндық, 14 846 га жайылымдық, барлығы 23 076 га ауыл шаруашылығына жарамды жері болғанымен күш қуаты аз, қадрлар, жұмыс қолы жетіспейтін. Құрылғанына он шақты жыл болғанына қарамастан бұл қиындықтар сол күнге дейін сөзсіз еді. Оның үстіне «Главриссовхозстрой» бас басқармасы тарапынан салынып жатқан кеңшар орталығының тұрғын үйлері, шаруашылықтың бұрынғы орталығына байланыстырылмай, орталықтан 3-4 шақырым жерде Шымкент-Самара автотрассасының бойынан салынған үй аралындағы қиындықтарды қарама-қарсы тұрындар деп үйлестіре көшіп бармаған. Шаруашылықтың өндіріске қажетті ғимараттары мен әлеуметтік құрылыстары басталмаған. Сондықтан шаруашылықтың жаңа орталығына салынатын тұрғын үйлер мен түрлі мәдени, тұрмыстық және өндірістік ғимараттарын бұрынғы орталыққа байланыстырып қайта жобалату қажеттігі тұрды. Осының бәрі құрылыс жұмыстарының кешіеуінде әсерін тигізді.

Сол жылы егін жинау да ұйымшылдықпен жүргізіліп, қыркүйек айының аяғында күршіті орау бітіп, қазан айының бас кезінде оны басты жұмыстары да толық аяқталды. Егін жинау науқаны біткен бойда Қоңекөн, көмекке автокөлік кәсіпорындарының басшыларымен келісіріп, барлық көлікті жаңа қоныстанушыларды көшіріп әкелуге жіберді. Осы айларда небәрі отыздан астам жаңау көшіп келді. Келер жылы Қаратөрен өлді мекенінен 10-15-тей, барлығы 46 отбасы көшірді.


Жаңа қоныстанушылардың ең жақыны 400 шақырымдай Қаратөрен, әрсі 600 шақырымдай Ақбасты деп аталатын Арал ауданының өлді мекендерінен көшірілді. Келушылардың үй мүліктерінен басқа малдары, тіпті ескі қора-қопсыларына дейін өкелінді. Уақ малдарды есептемегеннің өзінде жүздеген түйе, ірі қара малы келді. Үй мүліктерінен басқа тек екі-үш түйені әкелуге ғана бір машинадан қажет болғанын ескерсек, көші-қонға қанша қаражат жұмсалғаны түсінікті болар.

Шаруашылықтың өндірістік қаржы жоспарында ондай шығындар қарастырылмаған. Сол жылы егілген егіс — 1350-ақ гектар. Мал шаруашылығы пайда келтірмейтін күршітің мойнында болатын. Жыл зиянмен аяқталатыны алдын ала белгілі болды. Осы тұста Қоңекөн бұл жағдаймен жоғары орындарды хабардар ету, мүмкіндік болса, қаржылық көмек сұрау жөнінде көмек берді және «Главриссовхозстройдың Қызылордадағы совхоздар басқармасының ол кездегі бастығы Әхсәжов Омар аға Алматы қаласындағы «Главриссовхозстрой» бас басқармасының бастығы Э.Х.Гукасовқа бірге баруға өтініш жасайтынын айтты.

Біле жүріңіз

Илон Масктың "Hyperloop" жобасы туралы не білеміз?

Адамзат дамыған сайын ғылым да дамыды, тың идеялар туып, жаңалықтар саны артты. Заманынан озық ойлы туған адамдар адамзаттың пайдасына жарайтын дүниелерді ойлап тауып, көпті таңғалдырудан жалықпай келеді. Әлемге әйгілі Илон Маскте жаңа идеядан туған жарқын жобаларын ұсынуда әлемді таңғалдырудан жалыққан емес.



"Hyperloop-ты" жасау идеясы 2029 жылға қарай Лос Анджелес пен Сан-Францисконы жалғайтын жылдамдығы жоғары теміржол салу жөніндегі үкіметтік жобаға жауап ретінде пайда болған. Жылдамдығы 480-нен 1102 км/сағатқа жетеді. Үкімет жобасы 68,4 млрд долларға бағаланған болатын. Илон Маск "Hyperloop" туралы алғаш рет 2012 жылы Санта-Моникадағы "PandoDaily" іс-шарасында Сара Лэйсиге берген сұхбатында айтақан болатын. Кәсіпкер жаңа келіктің ұшақтан екі есе және өң жылдам пойданан 3-4 есе жылдам болып, Лос-Анджелестен Сан-Францискоға (561 шақырым) бар болғаны 30 минутта жетуге болады деп жариялаған еді. Одан кейін Маск атышулы мәлімдеме жасап, жобаның "California High-Speed Rail" атты үкіметтік жобадан 10 есе арзан болатынын, келіктің ұшақтан апатқа түспейтінін, жолдың тек күн энергиясымен жұмыс істейтінін, қатынаушылар ұзақ уақыт күтпей метродағыдай қатынайтатынын айтаң. Сөйтіп 2013 жылдың тамыз айында жобаның 58 парақтан тұратын "альфа-нұсқасы" жарияланды.

Илон Маск өз идеясын пойыз, ұшақ, автокөлік және кемеден кейінгі бесінші келік түрі ретінде ұсынды. Атақты инженер, әрі кәсіпкер Илон Маск бүгінде баламасы жоқ келікке айналуды мүмкін "Hyperloop" туралы өз идеясын жеткізгенде идеяға күмәнмен қараған адамдар аз болмады. Калифорниядағы жер күні мен қысқа уақыт аралығында сағатына 700 миль жылдамдықпен қозғалуында адамға есери секілді көптеген сұрақтар туындады. Осыған қарамастан жоба авторы мен оның қолдаушысы өз идеяларын жүзеге асыруға мейлінше күш салып келеді. Іс күнінде "Hyperloop-тың" әуе лайнерімен бәсекелесуі оның бағасы мен жол жүру уақытына байланысты. Өз кезінде баға көлікке жұмсалатын энергияға негізделгенді "Hyperloop-тың" тәстік нұсқасы сәтті орындалғанымен, Илон Маск пен оның идеяластары ойлаған нәтиженің бөріне көп жеткізілмеді. "Hyperloop-тың" жұмыс істеу үшін қанша энергия қажет екені өлі белгісіз, дегенмен бұл — өте маңызды мәселе. Әзірге белгілі болғанын "Hyperloop" құбырларының үстінде Күн энергиясын жинайтын панелдер орнатылады.

Нұрай БАҚБЕРГЕН, Аққум ауылы

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

2022 жылы 3 шілдеде Жалағаш ауданының Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті. Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес ауылдық округ әкімдерін сайлау нәтижелері туралы үшкелікті сайлау комиссияларының хаттамаларының нәтижелерін анықтады.

Ақсу ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі Ақсу сайлау округі бойынша: сайлаушылар тізіміндегі 1004 адамның 678-і дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны — 26, «Бөріне қарсы» дауыс берген — 0.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны: Әбсаттаров Ж.С. — 5; Сулейменов Г.К. — 242; Шилдебәев М.Т. — 403; Ідрісов Р.Б. — 2.

Жаңаталап ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі Жаңаталап сайлау округі бойынша: сайлаушылар тізіміндегі 439 адамның 377-сі дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны — 1, «Бөріне қарсы» дауыс берген — 0.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны: Абдиқаликов К.Б. — 297; Көшерев А.Қ. — 38; Шынжаров Б.С. — 41.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына сәйкес 2022 жылғы 4 шілдедегі №04 шешімімен 2022 жылғы 3 шілдеде сайланған Ақсу, Жаңаталап ауылдық округтер әкімдерін тіркеді:

Ақсу ауылдық округінің әкімі — Шилдебәев Марат Тныштыбаевич — 1966 жылы туған, Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, статисті, ұлты — қазақ, Өзін-өзі ұсынған. Жалағаш ауданының Ақсу ауылында тұрады.

Жаңаталап ауылдық округінің әкімі — Абдиқаликов Қуаныш Боранбекович — 1974 жылы туған, Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, өкімі, ұлты — қазақ, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясы ұсынған. Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылында тұрады.

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС №6 санды 2022 жылғы 10 маусымдағы құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен серіктестіктің жарғылық капиталы ішінара және толық азайтылғандығын өзінің барлық кредит берушілеріне хабарлайды.

Серіктестік кредит берушілеріне «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның мына мекен-жайында: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Т.Қыстаубаев көшесі №4 ғимаратында орналасқанын және талаптар бар болса, жазбаша нысанда жолдауды сұрайды.

Садық ӘЛИЕВ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы
БСН: 01064000062

Жаңарған, жасарған жасампаз қала

Нұр-Сұлтан – еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала. Еліміздің астанасында ғылыми оқу орталықтар, мәдениет орталықтары, зәулім үйлер бой көтерген. Елорданың көркі күннен-күнге арта түсті, әлем елдеріне мақтанышпен көрсете алатындай ару қалаға айналды. Еңселі елорда, асқақтаған арман қала, Нұр-Сұлтан жасампаз қала деген керемет теңеу сөздерді құрметпен, мақтанышпен айта аламыз. Еспілдің бойында, Арқаның төсінде еркін орналасқан жасампаз қаланың жаңарған келбеті кез келген мейманды таңдандырмай қоймасы анық.

Иә, Нұр-Сұлтан – Тәуелсіздіктің тарихи таңбасы, жарқын болашақтың жол басы. Елорда – ізгі ниеттер мен игілікті істердің, келісім мен кемел ойдың қаласы. Аз уақыттың ішінде серпінді дамып келе жатқан қазақ мемлекетінің баршаға мойындалған елордасы – шын мәнінде ұлттық идея, Қазақстанның кескін-келбеті. Елорда – тәуелсіздігіміздің бойтұмары, бүкіл қазақстандықтардың ортақ мақтанышы, бағыт-бағдарымызды айқындап беретін бағдаршамымыз, достық пен бейбітшіліктің мекені. Осыған дейін аз уақыт өтсе де, ауыз толтырып айтар жетістіктеріміз де аз емес. Әлем елдері тамсанып қарайтын ару астана күннен-күнге өркендеп, тек жақсылыққа қадам басып келеді. Қазақстан астанасы – Қазақстанның саяси-әкімшілік орталығы, ұлттық бірлік пен тәуелсіздіктің символы. Қазақ елінің өз саясатын жүргізетін, өз даму үрдісін айқындаған, бәсекеге қабілетті ел ретінде танылуы – тәуелсіздіктің жемісі.

Республиканың алғашқы астанасы Ақмешіт қаласының атауын Қызылорда қаласы деп өзгерту туралы қаулы қабылданды. 1925 жылы мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Жаңа астана құрылысына, Қызылорданың Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретінде орнықтыруға С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов сынды бірқатар қоғам қайраткерлері белсенде қатысты. Осылайша Қызылорда қаласы 1929 жылдың мамыр айына дейін «Қазақ АКСР-ның» астанасы болды. Мұнан соң Жоғарғы билік өкілдері Сыр өңірінің экономикалық және табиғи жағдайы қолайсыз деп тауып, Ел астанасын Алматыға ауыстыру жөнінде қаулы қабылдады. Ауа райы қолайлы, табиғи көркем жерде орналасқан Алматы қаласы аз уақыт ішінде

елдің саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. Астана болған жылдары Алматы миллионнан астам халқы бар, жан-жақты дамыған өсем де шырайлы шаһарға айналды. Алматы қаласы 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Сонымен 1991 жылы Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Ел астанасын оңтүстік-шығыстан орталыққа көшіру мәселесі көтерілді. Жаңа астананы орналастыруға оңтайлы жерді, қаланы анықтау мақсатымен республиканың бүкіл аймағы мұқият зерттелді. Зерттеу нәтижесінде барлық жағынан қолайлы деп танылған Ақмола қаласы болды.

Елорда – мемлекеттік деңгейдегі шараларды өткізетін, халықаралық жиындарды қабылдайтын басты қаламыз. Көркемдігімен, күн санап құлпырып келе жатқан, өсемдігімен әлем назарын өзіне аударып білген елорда – стратегиялардың жүзеге асырылуы мемлекеттің қаншалықты дамығандығын көрсетіп беретін бірден-бір орын. Еліміздің абыройын асқақтатқан астанамыз бүгінде бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтар елорданың бүгінгі келбетіне қарап таңданысын білдірді. Жастардың арман қуған мекеніне айналған бұл қала күн санап көркейіп, өзінің жаңа тұрғындарымен толығырақ. Еліміздің көптеген шараларын бас қалада өтеді. Мемлекеттің айбарын көрсететін Қарулы күштердің салтанатты әскери парады, күллі қазақ палуандарының ішінде кім мықтыны анықтайтын «Қазақстан барысы» турнирі де байрағын бас қалада көтереді. Біршама уақыт бұрын елжіздік бас ордасы мәртебесіне қол жеткізіп, тұғырға қонған қала мемлекетіміздің орталығына айналды.

Арқаның төсінен бой көтерген өсем қала әлемдік деңгейдегі келісім-шарттар мекені іспетті. ЕҚЫҰ саммиті, Азида, түрлі дін өкілдерінің бір жерде бас қосуы секілді шаралар Қазақстанның бейбітшілік пен татулықты ту еткен мемлекет екенін күллі әлемге айғақтады. Оның бер жағында Украина мәселесі, Ресей мен Түркияның арасындағы шиеленіс, Сирия жағдайы сынды әлемдік проблемалар осы қалада талқыланды. Басқасын айтпағанның өзінде, ел қазынасын молайту жолында экономикамызды дамытып, стратегиялы түрде дамуды көздеп отырған, әлемдегі алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарынан көріну мақсатында құрылған Еуразиялық экономикалық одақты ерекше атап өтуге болады. Елімізге келген туристер де, іс-сапармен жүрген шетелдік қонақтар да, жаһанға белгілі саясаткерлер де шырайлы шаһардың бүгінгі көрінісін, асқақтаған мерейін әрдайым жоғары бағалайды.

Қазақстанның астанасында өзге жұрт қызыға да, қызғана да қарайтын көрікті орындар мен саябақтардың сан алуан түрі бар. Сонымен қатар қаланың барлық аумағында қазақ хандары мен батырларына, ақын-жазушыларына, тарихи тұлғаларға арналып ескерткіштер орнатылған. Қазіргі таңда Алаш атауымен астасып кеткен бас қаламыз үлкен медициналық орталыққа айналды. Онда республикалық жедел-жәрдем, кардиология, травматология, кардиохирургия, «Ана мен бала», «Балаларды оңалту» секілді үлкен базалы медициналық орталықтар бар. Әлемдік деңгейдегі ірі стандарттымен жұмыс жасайтын «Назарбаев» университеті, ел мақтанышына айналған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-

техникалық университеті, білікті медицина мамандарын тәрбиелейтін медицина академиясы, сол жағалауда орналасқан Қазақстан-Ресей университеті, бүгінде заңгерлердің оқу ордасына айналып үлгерген Қазақ гуманитарлық заң университеті, өнерпаз жандардың басын бір арнаға шоғырландырған Өнер академиясы сынды жоғары оқу орындары арман қуып келген жастарды білім нәрімен сусындатады.

Негізі Қазақстанның келбеті Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Кейін Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі. Қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы – Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Иә, Арқадағы қазақ елінің бас қаласы Нұр-Сұлтан – халқымыздың аласармас айыбын, асқақ абыройы, мұқалмас рухы, азаттық аңсаған бабалардың орындалған арманы. Нұр-Сұлтан – ғасырлар қойнауында құмығып жатқан көне де көмескі тарихты жаңғыртқан, құм астында қалған ежелгі қалалардың тамырынан нәр алып, бір кездегі суалған бөйтерегін қайта көктетіп, өркендеткен Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасы. Әлем елдің жаңа тынысы, Қазақстан тарихының ашылған жаңа парағы.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Спорт

Шавкат Рахмонов төртінші рет жеңіске жетті

Өткен аптада жартылай орта салмақта өнер көрсететін қазақстандық файтер Шавкат Рахмонов UFC-дегі төртінші жекпе-жегінде жеңіске жетіп, қазақ елі үшін үлкен жеңіс сыйлады. 27 жастағы Рахмонов Лас-Вегастағы UFC Vegas 57 турнирінде промоушеннің 34 жастағы ардагері, америкалық Нил Мэгнимен өзара мықтыны анықтады.



Бірінші раунд басталысымен шаршы алаңның ортасын алып алған қазақстандық ережесіз жекпе-жек шеберінің қарсыласынан айқын басымдығы байқалды. Алғашқы кезең белсенділігі арқасында толықтай Шавкаттың есесіне жазылды. Осылайша физикалық және ментальды тұрғыдан да өзінің қарсыласынан әлдеқайда мықты екенін көрсетті. Отандасымыз екінші раундта да шабуылын тоқтатпай, қарсыласын ауыр соққының астына алды. Шавкаттың соққыларына есе қайтара алмаған қарсыласы ақырында арқасын беріп қойды. Сол сәтті ұтымды пайдаланған Шавкат раунд аяқталуына үш секунд қалғанда қылқындыру әдісімен жеңіп кетті.

Осылайша Рахмонов UFC-дегі төртінші кездесуінде қарсыласының осал тұсын тауып отыр. Ал Мэгни UFC-де 27-рет оқтанға шығып, сегізінші рет жеңілді. Дегенмен Мэгни талай мықтыны жолдан тайдырған өте тәжірибелі спортшы болатын.

Жекпе-жек аяқтала салысымен қолына микрофон ұстаған Шавкат қарсыластарына мәлімдеме жасады.

– Дана Уайт, менің есімді есіңде сақта! Мен UFC чемпионы боламын. Бір-екі жылдың ішінде чемпион боламын, – деді ол.

Сондай-ақ Рахмонов жарқын жеңісінен кейін алдын ала келісілген табысынан бөлек, "кештің үздік айқасы" ретінде аталған промоушеннен 50 мың АҚШ долларының иесі атанды.

Жауырыны жерге тимеген батырымыз 16 кездесудің бәрін уақытынан бұрын жеңіспен аяқтаған. Осындай физикалық тұрғыдан мықты, рухы күшті спортшыларымыз халық арасында салауатты өмір жолын дәріптеуде септігін тигізіп жатыр. Сондай-ақ оның спортқа келуі, осы жолдағы басынан өткізген қиыншылықтары спортқа бетбұрған өрендерімізге Шавкаттың жолы үлгі болары сөзсіз.

Айта кетейік, қазақстандық файтер Сергей Морозов та осы турнирде өз өнерін көрсеткен болатын. Отандасымыз бразилиялық Раулиан Пайамен үш раунд бойы айқасып, қорытындысында төрешілер шешімімен жеңіске жетті. Әрине жерлесіміз үшін өткен шайқас жеңіл болмады, қарсыласы да оңай шағылатын жаңғақ емес екенін дәлелдеді.

Бұл – Морозовтың UFC турниріндегі төртінші жекпе-жегі. Қазақстандық файтер Умар Нурмагомедов және Даглас Сильва де Андрадеден жеңіліп, Халид Таханы жеңген болатын. Ал бразилиялық спортшының бұл UFC-дегі жетінші жекпе-жегі. Ол бұған дейін тағы бір қазақстандық спортшы Жалғас Жұмағұловты жеңген еді. Осылайша жерлесінің есесін қайтарған спортшымыздың мерейі жанкүйерлерінің алдында үстем болды.

Әлемдік аренада еліміздің туын желбіретіп, жанкүйерлерінің ыстық ықыласына бөленген бауырларымызға алдағы жекпе-жектерде сәттілік тілейміз.

Жандос ЖАЗКЕН



Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Ойтамыздық

Той емес, ой ойлайтын уақыт келді

Салтанатты тойларды «тойшыл қауым ағайын» деп бастап, аяғы даңғазаға айналатын тойлар көбейіп кеткені өтірік емес. Замананың ахуалына қарамай, нарықтағы баға шарықтап бара жатқанда той-томалаққа шығындалу – барып тұрған ысырапшылдық пен даңғойлық. Қит етсе сән-салтанат пен бас қосып, өзінің азғантай шат-шадыман сәтін үлкен мерекеге айналдыру иісі қазақтың ақ жайлау көңілі дерсіз. Әрине оған келісуге де болады. Алайда адам айналадағы ахуалға, төңіректегі өзгеріске барлау жасап барып «көрпеге қарай көсілу» керек секілді. Негізі бір айлыққа қарап отырған адам несиесіз той жасай алмайды. Ал тойдың сән-салтанаты өзінше бөлек өңгіме.

Келін алсаң, шабылып салтанатты зәулім мейрамханаға той жасайсың, одан кейін құдалығы бар, келім-кетім мейманың бар, бірнеше миллионның басына су құясыз. Салтанатты сарайға да, үйге да жасайтын тойдың асабасы бар, музыкасы, камерасы бар олардың ұсынатын бағасы өте жоғарылаған. «Неге қымбат?» десен, «бәрі қымбат, азық-түлік ұдайы қымбат, бала-шағамды қалай асыраймын?» деп азар да безер болады. Бірақ сонда да қазақ елі жарысып той жасаудан алдына жан салмай тұр. Нарықтағы бағаның арзан кезінде жасалған той өлі толостамай тұр. Пандемияның кезінде той мен жиі бас қосулардың саны азайып еді. Халық та шамалы ес жиып, үлкен мейрамханада дүркіретіп той өткізбей-ақ шама-шарқынша қызды

үйден ұзатып, келін түсіру тойын шаңырақта жасауға әл-әдемі қалыптасып қалған еді. Қалай дерттің беті қайтып, пандемия аяқталып еді, тойшыл қауымның белсенділігі қайта оянып, шабылып той жасауға кірісіп кетті.

Қоғамдағы мәселелерге бейжай қарамайтын, белгілі тұлға Төреғұл Шарманов та осы тойға қатысты өзінің ойын ашық жеткізіпті.

«Біздің қоғамды даңғазалы, тойшылдық, шамадан тыс дарақылық жайлап алды. Бірімен бірі жарысып ат шаптырып той жасау, сол бір ғана той үшін бәленбай сомаға шашылу басым. Мұның қоғамға пайдасы бар ма? Біреудің мерейтойының тойланғанын ұлттың мәртебесі арта ма? Тіпті осындай дарақы тойлардан қалыспаймыз деп қайсыбір ағайын қа-



рызданып, қауғаланып той жасайды. Мұндайдан тымырлатын кезелдеқашан жетті. Қазір той тойлап «әлеулейтін» заман емес. Қазір ақпараттық технологиялық даму ғасыры. Өзге елдер осы көштен қалыспауы үшін ғылым-білімнің мәдениеттің экономикасын жетілдіріп өлед. Біз елі той-тойлаудың айналасында жүрміз» деген болатын.

Айтудай-ақ айтыпты. Оны түсінетін адам болса... Ұлт үшін ұлықты, ел үшін өнеге боларлық дүние жасамағасың, бір сәттік лепірге той-томалақтың не пайдасы бар? Қазір дүние дүр сілкініп, "Ғылымды қалай жетілдіреміз, экономикамызды қалай көтереміз?" деп болашақты ойлап дамып таппай іздену үстінде. Жаһандану заманында ұлт ретінде өзімізді әлемге танытып, тілімізді, дінімізді, ұлттық

құндылықтарымызды жоғалтып алмайық деп ғылым мен жаңа технологияны дамытудың орнына біз елі алаңкепе болып, бар тапқан таянғанымызды дүбірлі той-томалақ пен мерейтойларға қас-қағымда шашып өте шығамыз. Осыдан соң барды бағаламайтын, жоқ дегенге сенбейтін ұрпақ тәрбиеленгенге өкініп, бармақ тістейміз. Кейінгі ұрпақ осы біздің той өткізу эстафетамызды жалғап жатса, оған таң қалудың қажеті жоқ. Өйткені ол біздің өзімізден жеткен баяғы сұрлеу сол сұрлеу.

Шынында тойды емес, терең ой ойлайтын заман екенін ұмытпайық. «Той – халықтың қазынасы» деп жайбарақат жүретін дәурен өтті.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1096